

**2023 жылғы «14» шілдедегі  
«Қарағанды медицина  
университеті» КеАҚ  
Директорлар Кенесінің  
№\_51\_ Хаттамага  
Қосымша \_\_\_\_\_**

**«ҚАРАҒАНДЫ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ  
КОМПЛАЕНС-ОФИЦЕРІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**



## **1. Жалпы ережелер**

1. «Қарағанды медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының комплаенс-офицері туралы осы ереже (бұдан әрі – Ереже) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Жарғыға, корпоративтік басқару Кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) және «Қарағанды медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі-Қоғам) өзге ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.
  2. Ереже Қоғамның комплаенс-офицерінің міндеттерін, функцияларын, құқықтары мен міндеттерін, жауапкершілігін, оларды тағайындау тәртібін, оларға сыйақы беру шарттарын, сондай-ақ комплаенс-қызметті құру және оның жұмыс істеу тәртібін анықтайды.
  3. Комплаенс-офицер лауазымы Қоғам мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасының талаптарын сақтаудың қамтамасыз ету мақсатында енгізіледі.
  4. Комплаенс-офицер - Қоғамның Директорлар кеңесінің немесе Қоғам Басқармасының мүшесі болып табылмайтын қызметкер, Қоғамның Директорлар кеңесі тағайындайды. Өз қызметінде Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп береді және бағынады.
  5. Комплаенс-офицер өз қызметін Қазақстан Республикасы заңнамасының, Жарғының, Кодекстің, осы Ереженің, Қоғамның өзге де ішкі құжаттарының нормаларына, сондай-ақ Директорлар кеңесінің және Жалғыз акционердің шешімдеріне сәйкес жүзеге асырады.
    - 5.1. Комплаенс-офицер өз қызметін Қоғамның Директорлар Кеңесі бекіткен жылдық жоспарға сәйкес жүзеге асырады.
    - 5.2. Комплаенс-офицерге әдіснамалық қолдауды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері көрсетеді.
- ### **2. Лауазымға тағайындау және лауазымнан босату тәртібі**
6. Комплаенс-офицерді сайлау Қоғамның бос лауазымдарына орналасудың ішкі Ережелеріне сәйкес ашық Конкурс арқылы жүзеге асырылады.
  - Комплаенс-офицер лауазымына жоғары білімі бар және кемінде 1 (бір) жыл жұмыс өтілі бар адам тағайындалуы мүмкін.
  7. Комплаенс-офицер лауазымына кандидатуралар Бірыңгай акционер белгілеген тәртіппен сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірыңгай саясат жүргізу мәселелерін үйлестіретін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің тиісті құрылымдық бөлімшесінің келісімі бойынша рәсімнен өтеді.
  8. Директорлар Кеңесінің комплаенс-офицерді тағайындау туралы шешімінде, оның ішінде лауазымдық жалақының мөлшері және еңбекке ақы төлеу, сыйлықақы беру және/немесе сыйақы төлеу шарттары көрсетіледі.

9. Комплаенс-офицердің лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйлықақы беру және/немесе сыйақы беру шарттарын Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес Директорлар Кеңесі белгілейді.
10. Комплаенс-офицердің жұмысты орындаудың және басқа ұйымдарда немесе басқа ұйымдардың органдарында лауазымға орналасуына Директорлар Кеңесінің келісімімен ғана жол беріледі.
- 10.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функциясын Қоғамның басқа құрылымдық бөлімшелерінің функцияларымен ұштастыруға жол берілмейді.
11. Қоғамның комплаенс-офицері болып тағайындалатын адаммен директорлар Кеңесінің шешімімен анықталған мерзімге еңбек шарты жасалады.
12. Еңбек шартында комплаенс-офицердің қолданыстағы заңнама нормаларына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес қызметтік құпияны құрайтын ақпаратты жария еткені үшін жауапкершілігі көзделуге тиіс.
13. Директорлар Кеңесі комплаенс-офицердің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және заңнамада белгіленген тәртіппен, оның ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 50-бабының 3-тармағына сәйкес онымен жасалған шартты бұзу туралы шешім қабылдауға құқылы (егер бұл комплаенс-офицермен жасалған еңбек шартында қарастырылған болса).
14. Жаңа комплаенс-офицерді тағайындау туралы шешімді Директорлар Кеңесі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірыңғай саясатты жүргізу мәселелерін үйлестіретін тиісті құрылымдық бөлімшесімен келісім бойынша қолданыстағы комплаенс-офицердің өкілеттігін тоқтату туралы шешім қабылданған кезден бастап 1 (бір) айдан кешіктірілмейтін мерзімде қабылдайды. Жаңа комплаенс-офицерді тағайындау туралы шешім қолданыстағы комплаенс-офицердің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаумен бір мезгілде қабылдануы мүмкін.
15. Жаңадан тағайындалған комплаенс-офицерге оның алдындағы адам істерді, құжаттарды және құжаттардың дерекқорын электрондық және (немесе) қағаз жеткізгіштерде беруге тиіс. Істерді беру қабылдау-беру актісі бойынша жаңа комплаенс-офицер тағайындалған кезден бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жүзеге асырылады, онда істерді беру негізі, беру күні, берілетін құжаттаманың атауы мен құрамы, орындау сатысындағы істердің (іс-шаралардың, іс-қимылдардың, сұрау салулардың) тізімі міндетті түрде көрсетілуге тиіс және жаңадан сайланған комплаенс-офицер орындауды тиіс.

### **3. Комплаенс-офицердің міндеттері. Комплаенс-қызметтің қызметін ұйымдастыру қағидаттары**

16. Комплаенс-офицердің қызметі шеңберіндегі оның міндеттері болып табылады:
- 1) Қоғам мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасының талаптарын сақтауын қамтамасыз ету, сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясат пен практиканы жетілдіру;

- 2) сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бағалау және қайта бағалау;
- 3) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру;
- 4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет және парасаттылық қағидаттарын қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;
- 5) Қоғамның сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органмен нақты және тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;
- 6) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеуші талаптардың және үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету.

16.1. Қоғам сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын енгізу және жүзеге асыру кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

- 1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын орындау үшін бөлінетін өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;
- 2) басшылықтың сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс тиімділігіне мүдделілігі;
- 3) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің ақпараттық ашықтығы;
- 4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігі;
- 5) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;
- 6) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру;
- 7) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыратын мамандардың құзыреттерін үнемі арттыру.

#### **4. Комплаенс-офицердің функциялары**

17. Міндеттерді орындау үшін комплаенс-офицерге келесі функциялар жүктеледі:

- 1) Қоғамда сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі құжаттарды әзірлеу: сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың ішкі саясаты, қоғам қызметкерлері үшін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Нұсқаулық, мүдделер қақтығысын анықтау мен реттеудің ішкі саясаты, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт, Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспары, Қоғам қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың корпоративтік этика және құжаттың мінез-құлқы мәселелерін регламенттейтін құжаттың фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар ету тәртібін регламенттейді;
- 2) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс саласындағы стандарттар мен саясатты әзірлеу және өзектендіру;
- 3) Қоғамның сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа сәйкес келмейтін ішкі құжаттарының қолданыстағыларын өзгерту немесе күшін жою туралы ұсыныстар енгізу;
- 4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізу;
- 5) мүдделер қақтығысын анықтау, мониторингілеу және реттеу бойынша шаралар қабылдау;

- 6) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар санатына жататын квазимемлекеттік сектор субъектісі қызметкерлерінің заңнамаға сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауы тұрғысынан мониторинг жүргізу;
- 7) Қоғам қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, оның ішінде Қоғамның сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті және академиялық адалдықты қалыптастыруға бағытталған ішкі құжаттарын сақтауды бақылау;
- 8) азаматтық және бизнес-қоғамдастық институттарының өкілдерін тарта отырып, сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу;
- 9) сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері туралы ақпаратты ашық жариялауды қамтамасыз ету;
- 10) сыйбайлас жемқорлық және/немесе оған қатысу фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізу;
- 11) квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметінде сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету бойынша жұмысты үйлестіру;
- 12) Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға Қоғам қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу кезінде жәрдем көрсету;
- 13) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сыйбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерді мониторингтеу және талдау.
- 14) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет және парасаттылық қағидаттарын қалыптастыру бойынша Қоғамның мұдделі мемлекеттік органдармен, қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимылын ұйымдастыру;
- 15) Директорлар Кеңесі және Басқарма үшін сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу және өткізілген іс-шаралар бойынша тоқсан сайынғы есепті дайындау. Қоғамда қабылданған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша ақпаратты тоқсан сайын сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді;
- 16) Жалғыз акционер үшін сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу және өткізілген іс-шаралар бойынша жыл сайынғы есепті дайындау.
- 17) Қоғамдағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне қатысты ақпаратты жинауды, өндеуді, қорытуды, талдауды және бағалауды жүзеге асыру;
- 18) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган мен Қоғамның бірінші басшыларының бірлескен шешімі бойынша жүргізілетін Қоғам қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдауға қатысу;
- 19) Қоғам ұжымында жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларға сәйкес келетін өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдесу;
- 20) Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі іс-шаралардың ішкі жоспарын орындауына мониторинг жүргізу;

- 21) Қоғамда сыйлықтар беру және алу мәселелерін реттеу жөнінде шаралар қабылдау;
- 22) контрагенттердің сенімділігін кешенді тексеруді жүзеге асыру;
- 23) Қоғамның құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру тиімділігіне бағалау жүргізу;
- 24) Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Қоғамның құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің ақпаратын тындау;
- 25) Қоғам басшысына анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, Қоғам қызметін ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін арттыру жөнінде ұсынымдар енгізу.

#### 18. Өзге де функциялар:

- 1) өз құзыretі шегінде, сондай-ақ Директорлар Кеңесі мүшелерінің және Жалғыз акционердің тапсырмасы бойынша лауазымды тұлғалармен, Жалғыз акционермен, органдармен, Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшыларымен, сондай-ақ өзге де жеке және заңды тұлғалармен іскерлік хат алмасуды жүргізу және іскерлік байланыстарды жүзеге асыру;
- 2) Қоғамның ішкі құжаттарының бекітілуі Директорлар Кеңесінің және Жалғыз акционердің құзыretіне жататын, жобаларын құзыretтер шеңберінде дайындау және дайындауға қатысу;
- 3) комплаенс-офицердің заңмен белгіленген өзге де функциялары.

18.1. Комплаенс-офицердің атынан Қоғамның басқа құрылымдық бөлімшелеріне, ведомстволарға және ведомствоның бағынысты ұйымдарға комплаенс-офицердің құзыretіне кіретін мәселелер бойынша жіберілетін құжаттар мен сұрау салуларға комплаенс-офицер қол қояды.

19. Осы Ереженің нақты осы бөлімінде көзделген функцияларды орындауды комплаенс-офицер дербес те, комплаенс-қызметінің қызметкерлеріне тиісті нұсқаулар беру арқылы да жүзеге асырады.

### 5. Комплаенс-қызмет

20. Комплаенс-офицердің Қоғамда өз функцияларын орындаудың қамтамасыз ету үшін комплаенс-қызмет (бұдан әрі – Қызмет) құрылуы мүмкін. Қызмет Қоғамның құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

21. Қызмет Қоғамның ұйымдық құрылымын бекіту арқылы Директорлар Кеңесінің шешімімен құрылады және таратылады. Қызмет жұмыскерлерінің штат саны, өкілеттік мерзімі, жұмыс тәртібі және енбегіне ақы төлеудің өзге де шарттары комплаенс-офицердің ұсынуы бойынша Директорлар Кеңесінің шешімімен бекітіледі.

22. Қызметті комплаенс-офицер басқарады. Қызмет жұмыскерлері комплаенс-офицерге тікелей бағынады.

23. Қызмет жұмыскерлерін Комплаенс-офицердің ұсынуы (өтінішхаты) бойынша Басқарма Төрайымы қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.

24. Қызмет жұмыскерлері осы Ереженің негізінде жасалған еңбек шарттары мен лауазымдық нұсқаулықтарға сәйкес әрекет етеді.

25. Қызмет жұмыскерлері өздеріне жүктелген міндеттерді орындау үшін жеткілікті тиісті біліктілік пен дағдыла ие болуы тиіс.

26. Қызмет жұмыскерлері бір мезгілде Қоғамдағы басқа да функцияларды біріктіре алмайды, сонымен қатар Директорлар Кеңесі мен комплаенс-офицердің келісімінсіз басқа үйымдарда жұмыс істей алмайды.

## **6. Комплаенс-офицердің құқықтары мен міндеттері**

27. Комплаенс-офицердің құқығы бар:

- 1) үйымның ішкі құжаттарында регламенттелген, бекітілген рәсімдер шеңберінде Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын ақпарат және материалдарды сұрату және алу;
- 2) өз құзыretіне қатысты мәселелерді Қоғамның Директорлар Кеңесі және Басқарманың қарауына шығаруға бастамашылық жасау;
- 3) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түскең хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізуге бастамашылық жасау;
- 4) мемлекеттік бағдарламалардың, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге және өз құзыretі шегінде оларды іске асыруға қатысу;
- 5) өз құзыretіне жататын мәселелер бойынша кеңестер, жиналыстар үйымдастыру және откізу;
- 6) Қоғам қызметкерлерінен қызметтік тергеу шеңберінде жазбаша түсінкітемелер беруді талап ету;
- 7) Қазақстан Республикасының Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу және оларды сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жіберу;
- 8) өз құзыretі шегінде ішкі құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысу;
- 9) Қоғам қызметкерлерінің Қоғамдағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуы немесе ықтимал мүмкіндігі туралы хабарлауы не Қоғамдағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізу үшін ақпараттандыру арналарын құру.

28. Комплаенс-офицер міндетті:

- 1) қызметті жүзеге асыру кезінде заңнаманың, Жарғының, осы Ереженің және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарының нормаларын және талаптарын сақтау;
- 2) Директорлар кеңесінің тапсырмаларын орындау;
- 3) Қоғам және оның үлестес тұлғалары туралы ақпараттың, өзіне жүктелген функцияларды жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың құпиялышының сақтау;
- 4) сыйбайлас жемқорлықтың, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс және академиялық адалдықты қамтамасыз ету мәселелері бойынша ішкі саясат пен рәсімдерді бұзудың болжамды немесе нақты фактілері бойынша комплаенс-офицерге жүгінген адамдардың құпиялышының қамтамасыз ету;
- 5) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманы бұзудың болуына немесе ықтимал мүмкіндігіне байланысты кез келген жағдайлар туралы Директорлар Кеңесін уақтылы хабардар ету;

- 6) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның назарына белгілі болған дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы хабарлау;
- 7) Қоғамның белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмеу.

28.1. Комплаенс-офицер істемеу керек:

- 1) ол алдыңғы үш жыл ішінде қатысқан процестерді тексеруге қатысуға;
- 2) тексерудің бейтараптығына нұқсан келтіретін немесе осындай зиян келтіретін іс-шараларға қатысу;
- 3) құпия ақпаратты жеке мүддеге пайдалану;
- 4) іскерлік этика нормаларын бұзуға;
- 5) сыйлықтарды қабылдау және нәтижесінде комплаенс-офицердің тәуелсіздігіне, объективтілігіне және бейтараптылығына нұқсан келтіруі мүмкін не олар ретінде қабылдануы мүмкін қызметтерді пайдалану осындай зиян келтіретіндер;
- 6) мүдделер қақтығысына әкелуі мүмкін тексерулерге, қызметтік тергеулерге және басқа да іс-шараларға қатысу.

## **7. Комплаенс-офицердің және Қызмет жұмыскерлерінің жауапкершілігі**

29. Комплаенс-офицер, Қызмет жұмыскерлері Қоғамның және Жалғыз акционердің мүддесі үшін әрекет етуі, өз міндеттерін адал орындауы тиіс.

Комплаенс-офицер, Қызмет жұмыскерлері заңнамада және Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен жауапты:

- 1) өздеріне жүктелген міндеттерді, функцияларды, құқықтар мен міндеттерді тиісті орындау;
- 2) Қоғамға олардың іс-әрекеттерінен (әрекетсіздігінен) келтірілген залалдар үшін жауапты;
- 3) қызметтік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария ету;
- 4) Қоғам туралы оған қол жетімді инсайдерлік ақпаратты (қол жетімділігі шектеулі ақпаратты) жеке мақсатта пайдалану.

30. Комплаенс-офицердің, Қызмет жұмыскерлерінің жауапкершілігі олармен жасалатын еңбек шарттарында бекітіледі.

31. Директорлар Кеңесі мүшелерінің және/немесе Басқарма Төрайымінің сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін, мүдделер қақтығысын жою жөніндегі шараларды, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті және академиялық адалдықты қалыптастыру мәселелері бойынша Қоғамның ішкі құжаттарын бұзуға жол берген Қоғам қызметкерлеріне тәртіптік жаза шараларын қабылдаудан бас тартуы оларды комплаенс-офицер хабардар еткеннен кейін, оны яғни комплаенс-офицерді жауапкершіліктен босатады.

## **8. Комплаенс-офицерге және Қызмет жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру шарттары**

32. Комплаенс-офицердің және Қызмет жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы берудің шарттары мен мөлшері, сонымен қатар оларға

әлеуметтік қолдау, кепілдіктер және өтемақы төлемдерін беру осы Ережеде, Қоғамның ұжымдық шартында және Директорлар Кеңесінде анықталады.

33. Комплаенс-офицердің және Қызмет жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесін Директорлар Кеңесі Қоғамның бекітілген мақсаттарға қол жеткізуін мониторингтеу нәтижелері бойынша қайта қарауы мүмкін.

34. Комплаенс-офицердің және Қызмет жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу мөлшерін Директорлар Кеңесі анықтайды және ол Қоғамның орталық аппараты бөлімшелерінің басшылары және білікті қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеудің орташаланған мөлшерінен төмен болмауға тиіс.

35. Қоғамның Директорлар Кеңесінің шешімі бойынша комплаенс-офицерге және Қызмет жұмыскерлерінің есепті тоқсандағы жұмысының нәтижелері бойынша, олар өздерінің функционалдық міндеттерін сапалы және нәтижелі орындаған жағдайда, Қоғамның тиісті ішкі құжаттарында анықталған мөлшерде және шарттарда сыйлықақы төленуі мүмкін.

36. Қызмет жұмыскерлеріне Қоғамның ұжымдық шартының талаптарына сәйкес материалдық көмек көрсету бойынша әлеуметтік кепілдіктер және женілдіктер, сыйлықақылар беріледі.

37. Мемлекеттік мереке Тәуелсіздік күні және кәсіби мереке (Медицина қызметкері күні) мерекесіне орай Қазақстан Республикасында еңбекақы төлеу қорының (бұдан әрі - ЕТК) қараждатын үнемдеу есебінен комплаенс-офицерге және Қызмет жұмыскерлеріне сыйлықақы беруге жол беріледі. Бұл ретте 1 (бір) қызметкерге сыйлықақының жалпы жылдық мөлшері тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төменгі жалақының 10 (он) мөлшерінен аспауға тиіс.

38. Осы Ережеде көзделген комплаенс-офицерге сыйлықақы беру сынақ мерзімі кезеңінде және оның алынбаған тәртіптік жазасы болған кезде жүргізілмейді.

39. Комплаенс-офицерге және сынақ мерзімінен өткен не онсыз жұмыска қабылданған Қызмет жұмыскерлеріне жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы берілген кезде күнтізбелік жыл ішінде бір рет бір лауазымдық айлықақы мөлшерінде денсаулықты сауықтыруға арналған жәрдемақы төленеді.

40. Қызмет жұмыскерлеріне жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы Директорлар Кеңесі тәрағасының атына жазылған өтініш негізінде Басқарма Төрайымы - Ректордың бүйрығына сәйкес беріледі.

41. Ерікті медициналық сақтандыру сынақ мерзіміндегі комплаенс-офицерге және Қызмет жұмыскерлеріне қолданылмайды.

## **9. Комплаенс-офицердің қызметін қамтамасыз ету**

42. Міндеттерді тиісті және тиімді орындау, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қағидаттарына сәйкес келу мақсатында комплаенс-офицер қажетті ұйымдастырушылық-техникалық жағдайлармен, атап айтқанда: дербес компьютермен және қажетті ұйымдастыру техникасымен қамтамасыз етілуге тиіс.

42.1. Қоғам басшылығына жасау керек:

- 1) комплаенс-офицер мен қызметтің қызметін жүзеге асыру үшін тиімді орта құруға жәрдемдесу, мақсаттарды, міндеттерді, функциялар мен міндеттерді орындауға, олардың құқықтарын іске асыруға жәрдемдесу;
- 2) әкімшілік (ұйымдастырушылық-техникалық) комплаенс-офицер мен қызметтің қызметін қамтамасыз ету, оның ішінде Ақпараттық жүйелер мен қосымшаларды (қажетті деректер базасына қолжетімділікті) және өзге де тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді қоса алғанда, қызмет үшін қажетті мүмкіндіктермен, активтермен және ресурстармен қамтамасыз ету;
- 3) комплаенс-офицер мен қызмет қызметкерлеріне сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет Қызметі, Өлеуметтік және коммуникациялық дағдылар мен құзыреттер мәселелері бойынша оқыту және сертификаттау мүмкіндіктерін ұсыну.

43. Комплаенс-офицер үшін іссапар шығыстарының (тәуліктік, түрғын үй-жайды жалдау шығыстары, іссапар орнына бару және кері қайту бойынша шығыстар) мөлшері Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес белгіленеді.

## **10. Қорытынды ережелер**

44. Ережені бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қоғамның Директорлар Кеңесінің құзыретіне жатады.
45. Комплаенс-офицер болмаған жағдайда оның міндеттерін орындауды Директорлар Кеңесінің шешімімен Қоғам қызметкерлері қатарынан уақытша тағайындалған адам жүзеге асырады.
46. Егер осы Ереженің жекелеген тармақтары қолданылып жүрген зандарға қайшы келсе, бұл тармақтар күшін жояды және осы тармақтармен реттелетін мәселелер бөлігінде осы Ережеге тиісті өзгерістер енгізілген сәтке дейін қолданылып жүрген зандардың нормаларын басшылыққа алған жөн.